



Елімізде 16 наурыз отбасылық құндылықтарды дәріптейтін Шаңырақ күні болып белгіленді. Осы атаулы күн аясында Мақаншы ауылының сыйлы қариялары, өнегелі отбасы иелері Құсман ата мен Орымхан апа Абылқасымовтар туралы айтпақпыз. Биыл олардың отасқандарына 60 жыл толып отыр.

60 ЖЫЛ ОТАСҚАН ӨНЕГЕЛІ ЖҰП



Көпке үлгі боларлық бұл салықалы шаңырақтың тірегі Құсман ата 1965 жылы Арқалды кеңшарында болашақ жары Орымхан апамен танысып, көп ұзамай шаңырақ көтерді. Отбасының алғашқы жылдары қарапайым еңбекпен басталып, ерлі-зайыптылар мал шаруашылығымен айналысты. Осы күнге дейін өмірдің қызығы мен шығығын бірге бөлісіп, тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді.

Орымхан апа 19 жасында үлкен әулетке келін болып түседі. Содан бері өмірін отбасы мен еңбекке арнады. Құсман ата екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірді.

Өмірге 8 бала әкелдік. Балаларымыз 1966-1979 жылдар аралығында дүниеге келді, ал кенжеміз 1984 жылғы. Балаларды өсіріп, тәрбие беруде жарымның еңбегі орасан зор. Мен күні-түні жұмыста болдым, ал Орымхан балаларды оқуға, балабақшаға апарып, олардың тәрбиесімен айналысты. Бүгінде соның жемісін көріп отырмыз, — дейді Құсман ата.

Бүгінде қос қария 8 перзентінен 19 немере, 2 шөбере сүйіп, ата-әже атанып отыр. Үлкен шаңырақтың ұйытқысы болған Орымхан апа:

— 60 жыл бірге тұрдық. Шаңырақ болғаннан кейін, ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Бастысы — бір-бірімізді түсініп, сыйлап, ортақ өмірімізді берекелі етіп өткізу, — деп Орымхан апа отбасылық өмірдің басты қағидаларын атап өтті.

Бақыттың кілті — бірлік пен татулықта. Бұл сөз Құсман ата мен Орымхан апа әулетінің айнымас бағдарына айналған. Олар өмірдің сан түрлі сынағынан сүрінбей өтіп, сыйластық пен сабырдың арқасында берекелі ғұмыр кешіп келеді. Ұрпақтарына үлгі бола білген бұл отбасының басты құндылығы — өзара құрмет пен түсіністік.

Өз тілшіміз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Шыңғыс тас» ЖШС Абай облысы Бородулиха ауданында орналасқан «Новопокровское» кен орнында кірпіш саздықтарын өндіру тау-кен жұмыстарының Жоспарына экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 30.04.2025 жылы сағат 12:00 Абай облысы Новопокровка ауылында өткізіледі (ауылдық әкімдік). Карантин немесе ТЖ болса, тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде жүргізіледі. Белсінді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/5887898454?pwd=StHlWl9XdlHCrWkowekE5RzdjVnNkdz09>

Конференция идентификаторы: 588 789 8454
Кіру коды: g8g9dz

Кен орын координаттары 1. 500 41' 31"СЕ, 800 28' 05"ШБ, 2. 500 41' 32"СЕ, 800 27' 33"ШБ, 3. 500 41' 35"СЕ, 800 27' 34"ШБ, 4. 500 41' 38"СЕ, 800 27' 35"ШБ, 5. 500 41' 42"СЕ, 800 27' 34"ШБ, 6. 500 41' 47"СЕ, 800 27' 35"ШБ, 7. 500 41' 52"СЕ, 800 27' 34"ШБ, 8. 500 41' 51"СЕ, 800 28' 07"ШБ, 9. 500 41' 47"СЕ, 800 28' 06"ШБ, 10. 500 41' 44"СЕ, 800 28' 05"ШБ, 11. 500 41' 38"СЕ, 800 28' 06"ШБ.

Жобаға тапсырыс беруші — «Шыңғыс тас» ЖШС, Абай облысы, Семей қ-сы, Сеченова көш. 9. БСН 040440017937, тел. 8 777 991 3003, эл.пошта: tooshynghystas@mail.ru

Жобаны әзірлеуші — «Маркшейдер КЗ» ЖШС, БСН171140007948, ШҚО, Өскемен қаласы, Михалыса көш. 24/1, т. 8 707 928 45 24. aitaber40@gmail.com

Өсер ету аумағы — Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новопокровка ауылы. Жоба материалдарымен БЭП және «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің мекен-жайында алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталатын күнге дейін ұш жұмыс күнінен кешіктірмей Абай облысының ТРЖТТРБ үлгісіне akim@abai.gov.kz электрондық мекенжайы арқылы қабылданады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТПІ

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді дана халқымыз. Расында да, өскен ортасы балаға әуел бастан үлгі болмақ. Отбасындағы татулық, сыйластық қарым-қатынас баланың мінез-құлқын, өмірге деген дұрыс көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Ал өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбиеленуі еліміздің болашағына тікелей әсер етеді.

АЛИМЕНТТІ ТӨЛЕУ – ӘРБІР АТА-АНАНЫҢ МІНДЕТІ

Өкінішке қарай, бүгінде ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған ұлттық құндылықтарымыз өзгеріске ұшырауда. Соның бір мысалы — шаңырағы шайқалған отбасылардың көбейіп келе жатқаны. Тіпті ажырасу қоғамда үйреншікті жағдайға айналып бара жатқандай. Ата-ананың ажырасуы салдарынан балалар зардап шегеді, алимент мәселесі туындайды.

Қазақ қоғамында ажырасу, алимент деген ұғымдар болмаған. Ең өкініштісі, бүгінгі күні тапқан табысын жасырып, баласына алимент төлеуден жалтарып жүрген ата-аналар да аз емес.

Оны дала философиясы да, дініміз де қолдамайды.

Алимент мәселесіне діндегі көзқарас қандай?

Алимент дегеніміз — бір адамның оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат. Шариғатта алимент деген түсінік болмағанымен, нәпақмен қамтамасыз ету ұғымы бар. Яғни отағасының өзінің жауапкершілігіндегі жандардың қажеттілігін өтеуі.

Балалардың нәпақасы белгілі бір жасқа жеткенге дейін өкінішті мойында болады. Нәпақаға баланың барлық қажеті жатады. Тіпті, көмелет жасына жеткенімен, оқу оқыса немесе мүгедек болуы себепті жұмыс істеуге мүмкіндігі болмаса, әкесі баласын нәпақаман қамтамасыз етуі керек. Ал қыз баланы тұрмысқа шыққанға дейін бағады.

Ерлі-зайыптылар екі жаққа кетсе де, баласының алдындағы жауапкершілік пен міндеттен босатылмайды. Ер адам ғиддат мерзімі аяқталғанға дейін әйеліне, белгілі бір жасқа жеткенге дейін балаларына нәпақа беріп отырады. Құранда бұл жайында: «Бала емізетін аналарды ас-ауқат және киім-кешекпен қоғамдағы ғұрыпқа сай жақсылап қамтамасыз ету —

өкінішті міндеті. Ешкімге шамасынан тыс міндет жүктелмейді», делінген.

Нәпақаны өке өзінің жағдайына қарай береді. Алла Тағала Құранда: «Ауқатты адам (қолына қараған әйел, бала-шағасына) ауқатына қарай (мөл) нәпақа берсін. Ал ризық-несібісі шектелуі болған адам Алланың өзіне нәсіп еткен жағдайына қарай нәпақа берсін», деген.

Әрбір ата-ана балаға жауапты, перзент — оларға аманат. Ардақты Лайғамбарымыз: «Берің де бақташысыңдар, бөрің де қол астыңдағыларға жауаптысыңдар. Өмірің — адамдарға бақташы, өзіңнің қол астыңдағыларға жауапты. Ер адам — отбасына бақташы, өзіңнің қол астыңдағыларға жауапты. Әйел — күйеуінің үйіне және баласына бақташы әрі соларға жауапты», деген. Сондықтан ажырасқан жұптың екеуі де өкінішті балаларын асырап, бағуы (алимент төлеуі), оған жақсы тәрбие беруі — шариғат бойынша міндет. Оны төлеуден қашу, табысын жасырып, аз мөлшерде төлеу — күнә. Ер адамдар осы күнәсі үшін бұл дүниеде заң алдында, ақыретте Алла алдында жауапты болады.

Тағы бір мәселе — алиментті балаға тек қаражат бөлу, яғни материалдық көмек беру деп түсінетін ата-аналар бар. Адамгершілік қағидатына сүйенсек, ата-ананың баласын эмоционалдық тұрғыда қолдауы да аса маңызды. Алимент төлеу — балаға деген қамқорлықтың белгісі. Алимент — тек заңды міндет емес, сонымен қатар ол — баланың алдындағы жауапкершілік. Әкесі болсын, анасы болсын баласының өміріне, дамуына жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Яғни баланы материалдық, сондай-ақ моральдық тұрғыда қамтамасыз ету — ата-ананың негізгі әрі қасиетті парызы. Әрбір бала толыққанды өмір сүруге құқылы. Бала өкінішті де, анасының да ыстық махаббатына бөленуі тиіс. Әрбір ата-ана өзінің әр-ұжданы және жүрек қалауы бойынша балаға қам-

қор болуға, ешкімнен кем болмай өсуіне жағдай жасауға міндетті.

Әйтсе де көп жағдайда алимент төлеуші ата-аналар, әдетте, өкелер, қажетті қаржыны ғана төлеумен шектеліп, баланың тәрбиесіне, оның өміріне мүлде араласпайды. Бұл жоғарыда айтып өткен ұлттық құндылықтардың жойылуына, жалпы, баланың тұрғын ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Толық емес отбасында өскен бала, яғни анасының немесе әкесінің тәрбиесін көрмеген бала ересек өмірге кадам басқанда түрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ал атаның өсіретін ұғып, шешенің қасиетін бойына сіңіріп өскен ұрпақ ешқашан қор болмайды.

ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, ата-аналар өз балаларына материалдық қамқорлық жасауға міндетті. Бұл жауапкершілік ата-ананың некеде тұрған, тұрмағанына қарамастан сақталады. Алайда қазіргі уақытта алименттік міндеттемелердің орындалмауы, төлемдерді кешіктірілуі немесе толық төленбеуі жиі кездесетін мәселеге айналып отыр. Балаға алименттің уақтылы, толық төленбеуі оның денсаулығы мен білім алу мүмкіндігіне, психологиялық және физикалық дамуына кері әсер етеді.

Қорыта айтсақ, мақаламызға арқау болған тақырып шешілуі тиіс біраз мәселелердің бар екендігін айқындай берді. Яғни алимент төлеу мәдениетін қалыптастыру, алименттік міндеттемелер орындалмаған ата-аналарға қатысты заңдық шараларды күшейтіп, алименттік төлемдерді реттеу тетіктерін жетілдіру қажет.

Ұрпағымыздың бүгін мен болашағын ойлайық, ойланайық, ағайын!

**Д. ТҮЙЕБАЕВ,
жеке сот орындаушы,
Семей қаласы**

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕЙДІ

Таяуда Қалалық Мәдениет сарайында семейліктерді ерекше елең еткізген, ұрпақ үшін ғибраты мол іс-шара өтті.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, Семей қаласы ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Ерлікке — тағзым, ұрпаққа — үлгі!» ұранымен Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова, Берлин түбіндегі Гинденбург қаласы үшін болған кескілескен шайқаста, жеңіске небары он екі күн қалғанда ерлікпен қаза тапқан белгілі жазушы Павел Кузнецовтың «Шыңғыстаудан шыққан қыз» атты очеркіне арқау болған жерлесіміз Баян Байғожина сынды Ұлы Отан соғысында ерліктің ғажайып үлгісін көрсеткен қазақ аруларының ерлігіне тағзым етуге арналған ардагерлер мен жастар форумы өтті.

Форумға ардагерлер, тыл еңбеккерлері, зейнеткерлер, басқа мемлекеттер аумағындағы шайқастарға қатысқан ардагерлер, Семей қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының, тұрақты комиссияларының мүшелері, қаланың бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Шығыс» әскери қолбасшылығының әскери қызметшілері, Семей медицина университеті мен колледждердің студенттері, әскери мектептер оқушылары, Шәкәрім атындағы мектеп-гимназияның, қала мектептерінің оқушылары қатысты.

«Ұлы Жеңістің 80 жылдығына — 80 қадам» акциясы аясында ұйымдастырылған жиынның өн бойында оның негізгі идеясы — ұрпақ сабақтастығын сақтау, туған жерге, туған елге деген махаббат, отансүйгіштігі сынды ұлы сезімдерді жастарымыздың бойына дарыту, әкелеріміз бен аталарымыздың, апаларымыздың өшпес ерлігінің мәнін түсіндіру, бүгінгі жастардың алдында тұрған қасиетті парызы — Отанды қорғау, Әділетті Қазақстанды құруға үлес қосу идеясы қатар еріліп отырды.

Ардагерлер мен жастардың басын қосқан алқалы жиында Семей қаласы әкімі аппаратының басшысы Нұржан Есенжолов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Бердикенов құттықтау сөз сөйлеп, бұл үлкен жиынның мән-маңызына тоқталды. Форум «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына — 80 қадам» акциясы аясындағы бір іс-шара екенін атап өтті.

Жиын барысында сұралып соғыс кезіндегі жауынгерлерше кийінген Шәкәрім атындағы мектеп-гимназияның оқушылары батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Баян Байғожинаның ерліктері жайлы өлеңдерді ша-



быттана оқып, көрерменді сүйсіндірді. Бұл кезде кескілескен шайқастар жүріп жатқан майдан даласынан бейнероликтер көрсетілді. Көрермендер сол жауынгерлермен қатар жүргендей әсерде болды.

Кеңес Одағының Батыры Әйткеш Ибраев атындағы мектептің 7-сынып оқушысы Сая Тұрсынқазықызы ақын Андрей Деметьевтің «Ана туралы балладасын» оқығанда, залдағы көрерменнің көпшілігінің көңілі босап, қатты тебіренді.

Жиында аға буын өкілдеріне тұңғыш рет «Семей қаласының құрметті ардагері» медалі табысталды. Аталған медальмен Семей қаласы ардагерлер кеңесінің мүшелері, қаламыздың дамуына еңбектері сіңген ардагерлер Зейнолла Тоқбаев, Қырықбай Әлсейітов, Малдыбай Мусин, Александр Коновалов, Мақсұт Қошжанов марапатталды.

Аға буын мен жастар Ұлы Отан соғысында көзсіз ерлік жасап, фашизмді тізе бүктірген халқымыздың ару қыздарын еске алып, олардың өшпес ерлігіне, қайсар рухына тағзым еткен ғибратты шара ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі болды.

Қалалық Мәдениет сарайының өнерпаздары «Әлия», «Ардагерлеріміз» әндерін форумға қатысушыларға шашу ретінде ұсынды.

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысты ұмыту мүмкін емес. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!

Зере ОРАЗАЛИНА,
журналист

ТЕАТР ӘСЕТТІҢ «ЕҢ ӘДЕМІ КЕЛІНШЕГІ»

Осы жақында Абай театрында жаңа қойылым - «Ең әдемі келіншек» спектаклі сахналанды. «Дариға-ай» жастар театры сахналаған бұл шығарма әйел тағдыры туралы. Бір ғана әйел, яғни Гүлбаршын образы арқылы өмірге бақытты таппаған барша әйел қауымының тағдыры шынайы көрсетіледі. Сүйгеніне қосыла алмаған Гүлбаршын махаббат машақаттын тартып күн кешеді. Оның бойынан барлық қазақ әйеліне төзімділікті, нәзіктікті көреміз. Күнделікті күйбең тіршілік, жанұядағы түсініспеушілік, ішкілікке салынған күйеу...

Әр қойылымның артында өмірге әкелуші автор мен қоюшы режиссер тұрады. Автор — танымал көсемсөзші, жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев. Осы орайда ел ардақтысы А.Сүлейменовтің «Қойылым — құндақтаулы сәби: оның қандай азамат болып өсуі режиссерға байланысты» деген сөзі ойға оралып отыр.

Қойылымның режиссері — Әсет Иманғали ағамыз. Бұл — Әсет Иманғалидың тұңғыш режиссерлік жұмысы. Қойылым көрермен көңілінен шықты. Өміршең болары сөзсіз. Бәрекелді деіміз!

Әсет Иманғалидың есімі актер ретінде көпшілікке жақсы таныс. Жағымды, жағымсыз образдарды сомдады. Ал бұл

жолы режиссерлігімен танылды. Әсет те Абай облысының тумасы. Осы жердің суын ішіп, желімен жарысқан қара баласы.

Өнер жолында асығыңыз алшысынан түсе берсін, Әсет мырза!

Басты образ Гүлбаршынды сахналаған Алина Қасенованың қасиеті шеберлігіне де көрермен тәнті болды. Гүлбаршынның құдай қосқан қосағы, қызғаныштан ішкілікке салынған Жиенбай образын сомдаған Думан Өмірхановтың актерлік шеберлігі өз алдына жеке бір мақалаға жазуға тұрарлық.

Абдолла, Алтай, Мадина, Зухра образдарын сомдаған актерлер де өз кейіпкерлерінің мінез-құлқын аша білген.

«Дариға-ай» жастар театры актерлері ұсынған бұл қойылымның көрерменге берері көп. Туындыда отбасы құндылықтары, жанұя тәрбиесінің маңыздылығы шынайы көрсетілген.

Адамдар арасындағы ұлы сүйіспеншілікті суреттеп өткен жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Жақсы әйелдің киесі болады...» деген сөзі бар. Ендеше, әйелдер — арынан қасиеттілер, тазалығынан тектілер, адалдығынан тәрбиелілер тарайтын қасиетті қауым.

Ер мен әйел мінезін тануға тырысайық, психология бойлайық. Қазіргі уақыттың ең өзекті мәселесі — отбасы бірлігін сақтауы негізгі ой болып көзделген қойылымның жас отбасыларға берелі де көп...

Мерей ҚАРТ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Боке-Васильев кен алқабының солтүстік-батыс капталындағы алтыңға барлау жоспарына №8 толықтыруды түзетуге өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Өсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 52,0 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49°08'00"се, 81°30'00"шб; 2. 49°08'00"се, 81°34'00"шб; 3. 49°05'21"се, 81°34'20"шб; 4. 49°04'35"се, 81°36'04"шб; 5. 49°03'00"се, 81°36'00"шб; 6. 49°03'45"се, 81°34'01"шб; 7. 49°04'06.8"се, 81°31'12"шб; 8. 49°04'32.16"се, 81°30'00"шб; 9. 49°05'12.1"се, 81°30'00"шб; 10. 49°05'09.5"се, 81°31'31.1"шб; 11. 49°05'38"се, 81°32'00"шб; 12. 49°06'33.55"се, 81°30'00"шб.

Қоғамдық тыңдаулар 25.04.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 25.04.2025 жылы сағат 09:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/77915536300?pwd=iHWRrJyE25ZGoxSFffT6s0uquyLHTiB.1>. Конференция идентификаторы: 779 1553 6300, кіру коды: 3Wу53Z. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-portal.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prigodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Өл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.